Жасынан зерек, алғаш оқсын Ә.Әліхан өзі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға берді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қалғанды үш сыныпты бастауыш мектепке ауырды. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 ж. Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886-1890 ж. аралығында Омбыдағы техникалық училищесінде оқып, оны «техника мамандығы» бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 ж. аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғ. босағасын атағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қатығысына жуу болды, өз ойын да пайданы түсті. Б. туралы «Семишантинский листок» газетінің 1906 ж. 5 маусымыдағы санында: «Ол Орман институтының студенті болып жүрген кезінде барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе, солшықтарға ілесетін. Марксизм туралы кеңу пікірталастарда экономикалық материализм қағидаларын дөс бермей қорғайты» делінген. Әлихан Ресей жаңдармерия басқармасының назарына алған рет студенттік ж.-ақ ілігін, «саяси сенімдерін қара тізіміне алады». Ол институтты бітіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман шаруашылық училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасады. Социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді

Тіләшов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: Сардар, 2014. - 528 б.

Бұл энциклопедиялық анықтамалыққа Алаш қайраткерлері мен қатысушылардың өмірбаяны, Алаш қозғалысына, партиясына қатысты ұғымдар мен атаулар, сол кезеңнің тарихи-қоғамдық, мәдени, әдеби дамуын байқататын мағлұматтар енгізілді. Алаш қозғалысына қатысқан тұлғалардың деректі тізімі жасалып ұсынылды. Сондай-ақ, Алаш қозғалысын, оның қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар жөнінде де мәліметтер берілді.



Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. - Алматы: Елтаным баспасы, 2014. - 328 б.

Кітапта Қазақстан тарихын заманауи ақыл-ой биігінен зерделеуге ұмтылыс аясында орныққан жаңа көзқарас пен ұстанымдар дәйектелген. Оның әлемдік тарихи кеңістіктегі орны, ерекшеліктері, болжамды келешегі зерделенеді. Ұлттық тарихымыздың мазмұнын анықтаған факторлар жүйесіндегі табиғаттың, адамдар әрекетінің, тұлғалар рөлінің, мәдени үдерістердің, геосаяси өктемдік пен ықпалдастықтың бәсі мен бағамын жаңашыл идеямен, методологиямен тиянақтауға зор мән беріледі. Өткеннің тәжірибесіне, тәлім-тағылымына сүйенумен «Қазақстан-2050» Стратегиясын, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолдары қарастырылған.




Қасымжанова Г. Архив Памяти. - Алматы: Ғалым, 2003. - 304 с.: ил.

Вместе с автором этого научно-публицистического издания вы совершите экскурс в историю и культуру казахов и прото- казахов, оживите в памяти образы выдающихся сынов Степи, картины переломных моментов в ее судьбах, попутно узнаете, как делаются публицистические телевизионные передачи. Адресуется широкому кругу читателей.




1937-2007 Тауқымет пен тағзым / Құраст. Б.Төлепберген. - Алматы: РИИЦ АЗИЯ, 2007. - 296 б.

"1937-2007 Тауқымет пен тағзым" кітабы 1937 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге 70 жыл толуына арналып отыр. Кітап өмірбаяндық анықтамалық, құжаттар мен мақалалардан тұрады. Қазақстан халқының басына төнген сонау жылдардағы нәубет пен зобалаң тарихи-танымдық тұрғыдан сипатталған. Кітап аталған тақырыпқа қызығушылық танытқан барша оқырманға, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.



Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е годы XX века. - Алматы, 2003. - 153 с.

В книге на основе анализа широкого круга исторических и историографических источников представлен процесс накопления и трансформации исторических знаний по проблеме движения Алаш и автономии Алаш-Орды: особенности изучения проблемы в советской историографии, ее основные этапы, принципы; современное состояние и основные методологические и концептуальные аспекты исследования истории движения демократической интеллигенции Казахстана 1-й четверти XX века. Книга рассчитана на историков, преподавателей школ и вузов, студентов, всех интересующихся историей Казахстана.



Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар / Бас ред. Б.Аяған. -Алматы: "Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы, 2007. - 376 б.

Жиырмадан астам монография мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтары жарық көрген академик К.Нұрпейіс жалпы тарихнама мәселелерімен қатар еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық мемлекеттік құрылыс пен Қазақстанның 20-ғасырдағы саяси-қоғамдық өмірінің өзекті мәселелерін, аграрлық және шаруалар мәселелерін түбегейлі зерттеген ғалым. Бұл кітапқа автордың кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөзде жарияланған материалдары жинақталған. Оқырман қауым Қазақстан тарихын жаңаша тұжырымдарға сай қайта зерделеу бағытымен танысып, коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген көрнекті алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы дәйекті мағлұматтар алады. Бұл кітап Алаш қозғалысының 90 жылдығы мен қызыл қырғынның 70 жылдығына арналған.

**XX ҒАСЫР БАСЫНАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛЕКЦИОН**

XX ғасырдың басында Қазақстан Ресия империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрно-өндіріс пен айырық болды.

Ойратшұналар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығымен айтпақтай болғанымен етіп қана қойған жоқ, олар қазақтардың рухани жанынан да отырды: халықты түнінен, діннен, дінінен айырып батыстағы капитализммен оястырылған шаһарлар жүресін жүзеге асырды. Бұл жөнінде Мірақман Дулатов 1907 жылы жазғаны "Қаладан менің, сіле менің" атты мақаласында былай деп айтып жазған еді:

"... Ең алдымен қазақ халқы — Ресияға түрелді халық... оның ерекшелігі парнасқы жеріне көк туарына. Халықтан жиналған сөз сөз қарағандағы көп бөлігі қазаққа, тіпті керек емес, керісінше жұмсалды... Бұл чиновниктер (патшалық отарлау жүресінің ресми өкілдері — К.Н.) білді, димәк, отарға жергі болып өскен жатқан өсет-тұрпаттарымызға, біздің молдаларға ғана тіпті неге мәселелеріне арнап бастады, біздің кілттеріміз тұтқын алып" (Дулатов М. Шаһарлар, А., 1991, 22-бет).

Қазақ ауылды басқаратын өкілшілік жүйе патша үкіметінің отарлау-өндірістік аппаратпен біте қайнасып кеткен бай-шошарлар өкілдерінің қолында болды.

Қазақ өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ауақы, негізінен, аграрлық, ұлттық және белгілі дәрежеде ұлттық мәселелердің шешілуімен ерекшеленді. Қазақстанда осы шешілуінен

түнінен аграрлық және ұлттық-өндіріс қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды.


Жұмысшы табының қалыптасуы басталды, жаңа әлеуметтік топтар мен ауылдастықтар пайда болды, қалаларда мұнда өкілдерлер шаһарлар дүниесі пайда болды.

Олар қазақ қауымына тон қозғалыс-саяси қозғалыстың бастауында тұрды.

Басқа сөзбен айтқанда, бұл естіл басқарысында болған, жаңадан қалыптас бастаған қазақтан ат төбесіндей аз ғана тұрғын интеллигенттерінің жаңа санына дейі жалғандық сарнастарға жерін берген және оларды шешуге тырысты.


Олар ойдың шыққан ортасы тұрғыннан алғашқы ортақты болды, қатарында ақсүйек, бай-шошарлар өкілдерінен шыққанша да, орта дәулетті отбасы өкілдері де, келесісі қарайымы өкілші шаһарлардан балалары да бар еді. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан алды шыққан кейбір мамандықтары да ортақты болды. Бұлар отары қазақ өкілдерінің басқару аппаратында ортақты жұмыс атқаратын чиновниктер, дегенерлік сәуір кеңескерлерінің қызметкерлері, журналистер, оқу-ағарту және мәдениет саласында өкілдер еткендері және олар жалған басқарушылардан аз инженер-техник қызметкерлерден тұрды. Олар, негізінен, Петербургтің, Тарту мен Варшаваның, Мәскеаның, Қазан, Ұфа, Ташкент пен Омбы, Том университеттері мен институттарында, т.б. қалалардағы арнаулы орта білім беретін


242



Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. - Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 2004. - 400 б.

Кітапта қазақ саяси басқарушы тобының XVIII—XX- ғасырдағы қалыптасу кезеңдері мен қызметі талдауға алынады. Авторлық зерттеу билер мен батырлардың (XVIII-XX-ғғ.), ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру ісіне ғұмырын арнаған Кенесары хан Қасымұлы, Исатай Тайманұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлұлы, Смағұл Садуақасұлы және басқа ұлы тұлғалардың қызметі мен тағдыры төңірегінде өрбиді.






Тұлғалар тұғыры. / Құраст. М. Қозыбаев. - Алматы: "ҚазАқпарат", 2009. - 540 б.

Атақты ғалым, тарихшы, академик Манаш Қозыбаевтың (1931- 2002) мақалалар мен баяндамаларының жинағы тарихи тұлғалар тағдырлары арқылы Отанымыздың сан қырлы тарихын аша түседі.

Бұл кітап тарихи зерттеу мен нағыз әдеби тілмен жазылған ғылыми-көпшілік үлгінің туындысы болып табылады. Оқырман ежелгі кезеңдерден бастап бүгінге дейінгі отандық даңқты тұлғалармен танысады.




Марат Ескендірұлы (Әбдешев)



«АЛАШ ОРДА» МИНИСТРЛЕРІ МИНИСТРЫ «АЛАШ ОРДЫ»

К 94
Е-81



Ескендірұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері = Министры «Алаш Орды». – Алматы, 2008. - 114 б.

Кітапта Алаш Орда үкіметі мүшелерінің өмір жолы, жасаған еңбектері шағын ғана баяндалады.

Книга описывает жизненный путь и основную деятельность членов правительства Алаш Орды и предназначена для учащейся молодежи.

Әлихан Бөкейханов

Алашорда үкіметіне сайланғандарға жеке-жеке тоқталғанда алдымен ауызға алынатындардың арасында әрине, сөз сайлаған оның төрағасы – Әлихан Бөкейханов болып табылады.


Замандастары мен халқы қадірлен «Өлеке» деп атап кеткен Әлихан Бөкейханов – бүкіл саналы өмірін қазақ халқының ұлттық саяси бостандығы мен дербестігі үшін арнаған ауулы ұлы тұлғамыз. Ата тегі жағынан төрелер тұрқымыз.

1866 жылы 5 наурызда (бүгінгі сәтінде берген жауабынан) бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқыраулы болысының 7-ауылында туған. Өлекеңнің туған жылы туралы деректер әртүрлі. Дегенмен де бұл дерек дұрыс болар дейміз. Себебі, оның жасы туралы келтірілген ең алғашқы архивтік дерек ҚР Орталық архивінде сақталған құжатта Өлекеңнің Қарқаралы ерлер арисод училищесінің дайындық бөлімінде 1878/79 жылғының 1-ші жарты жылдығында оқып жүрген 23 қазақ баласымен бірге оқу үлгерімі туралы ведомосіндегі деректе, Өлекең училищеге 1878 жылы 16 қыркүйекте түскенде жасы 11-де деп көрсетілген. Яғни, туған жылы 1867 болмақ. Бұл жыл Өлекеңнің өзі көрсеткен 1866 жылға жақын. Сондықтан оның туған 1866 жылы күрәні тұлғасы керек.

1886-1890 жылдары Омбы техникалық училищесінде оқып шығып, 1894 жылы Санкт-Петербург орман институтының экономика факультетін бітірген. ЖОО бітірген соң Омбы ауыл шаруашылығы училищесінде математикадан сабақ береді.


Қазақ даласының комиссиясын жер жағдайын зерттеген, яғни өкіметтің қазақтың «артық жеріне» заң жүзінде негіздеу үшін құрылған Ф.А.Шергина экспедициясының құрамында болып, қазақты жерге орналастыру мәселесімен түбегейлі танысып, зерттейді.

Ө.Бөкейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесіп отырып, «Россия бұлдан отанымыздан жалпы географиялық сипаттамадан» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысқан. Өлекең қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтайды. Мысалы, «Из умственных способностей киргиз на первое место следует поставить память на окружающую его жизненную обстановку»



Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы: Атамұра, 1998. - 360 б.

Монографияда Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы және оған қарсы Алаш қайраткерлерінің саяси күресі, олардың қазақ елінің мемлекеттік құрылысы жөніндегі саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы негізінде зерделенген. Кітапта Алашорда үкіметінің мүшесі, қазақтың аса көрнекті заңгер-ғалымы Ж. Ақбаевтың өмірі мен саяси күресі арқылы оның серіктері болған Алаш жетекшілері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов т. б. қазақтың азаттық жолындағы арыстарының қоғамдық-саяси қызметі сараланып, Алаш бағдарламасының құқықтық негізі талданады.



IV тарау


Ж. АҚБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШОРДА

§1. Алаш қозғалысынан Алашорда үкіметіне дейін

1905 жылғы революциядан кейін қазақ зиялыларының белсенді қайраткерлері қазақ халқының саяси санасын қалыптастыру жөнінде жүргізген жұмысы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдық жағынан рәсімдеу идеясына өкелді. Патша самодержавиясы үшін өте қауіпті мұндай саяси идея қалыптасып жатқан қазақ зиялылары қызметінің кез келген көрінісін қатаң қадағалап отырған оқранның назарынан қағыс қалған жоқ. Сөйтіп 1913 жылғы 29 тамызда Орынбор жандарм басқармасының бастығы генерал-майор Бабичтің өз көмегімен қазақ съезін шақыруға қатысқан адамдар жөнінде мәліметтер беру туралы өте құпия жарлығы пайда болады. Онда былай делінген: «В последнее время в киргизской печати проводится идея созыма в Оренбурге киргизского съезда, при чем намечены для разработки следующие вопросы: земельный, религиозный, о народном суде, о земском управлении и о представителе в государственную думу»¹.

Жандарм басқармасының бастығына талап етілген хабарламаны жандарм бастығы 1913 жылғы 17 қыркүйекте табыс етті. Бұл орайда хабарламада тізімде аталған адамдар (М. Сералин, М. Дулатов, Ж. Сейдалин және басқалар) «ұлттық принциптерді» басшылыққа алатыны, «қырғыздар арасында шаруалармен тең мәдениетті отырықшы өмір енгізуге және оларға жер беруге қатысады» және т. б. деп атап өтілген².


¹ Алаш-Орда. Сборник документов, 18-б.
² Соңда.



Нурғали Р. Алашординцы. - Алматы: Алаш, 2004. - 280 с.

В монографии "Алаш и литература" автор, анализируя лучшие произведения А.Байтурсунова, А.Букейхана, М.Жумабаева, Ж.Аймауытова, С.Сейфуллина, И.Джансугурова, М.Ауэзова, сопоставляет их с художественными поисками крупнейших представителей мировой классики, раскрывает закономерности развития казахской литературы в контексте общественно-политического движения Алаш.

Книга представляет не только обширную и правдивую информацию о многогранной жизни талантливых представителей Алаша, образованных людей своего времени с передовыми взглядами, но она несет в себе и большой материал нравственно-духовного содержания. Думается, что она этим и будет полезна и ценна для широкого круга читателей, особенно для молодого поколения.





Асылбек М.-А. Х. Тұлғалар мен тарих туралы. (мақалалар жинағы) = О личностях и истории: (Сборник статей). - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы. 2014. - 480 б.


Кітапқа Қазақстанның көрнекті ғалымы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбектің әр жылдарда жарық көрген ғылыми мақалалары топтастырылып отыр.

Жинақ бес бөлімнен тұрады: бірінші бөлім Ә. Бөкейхан, Т. Рысқұлов, М. Тынышбаев және т.б. Қазақстанның саяси қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған. Екінші бөлім А.М. Панкратова, А.Н. Нүсіпбеков, Б.С. Сүлейменов, Б.А. Төлепбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Р. Сүлейменов, М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейісұлы, және т.б. көрнекті тарихшы ғалымдардың ғылыми мұрасы мен қызметіне арналған. Үшінші бөлімде тарих ғылымындағы өзекті мәселелер туралы пікір-таластар мен тарихи демографиялық бағыттағы мақалалар топтастырылған. Төртінші бөлімде Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбектің өз замандастары туралы естеліктері берілген. Қосымша - бесінші бөлімде Асылбек әулеті жөнінде ақпарат берілген.

**ОБ ЭВОЛЮЦИИ ПОЛИТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ ЛИДЕРА
ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ» АЛИХАНА БУКЕЙХАНА**
Сервис в России и за рубежом. – 2013. – № 2. – С.80-90.


1. Формирование казахской национальной интеллигенции, в нашем современном понимании, которое мы относим ко второй половине XIX – начала XX века, обуславливалось рядом социально-экономических, культурных и политических факторов. Наиболее важными из них являются: *экономическая отсталость* Казахстана, где преобладало кочевое и полукочевое хозяйство, слабое развитие земледелия, промышленности, транспорта, торговли и крупных городов с населением свыше 50 тыс. чел. и т.д.; *Отсутствие и культурная отсталость Казахстана*, о чем ярко свидетельствуют данные переписи 1897 г., когда уровень грамотности населения Средней Азии и Казахстана достигал всего 6%, среди мужчин 10%, женщины – 3%, а среди мусульманского населения – 6,7% мужчин, 1,1% у женщин. Среди казахов этот уровень был еще ниже – 2,7%, в том числе в Уральской области – 4,9%, Акмолинской – 3,4%, Тургайской – 3,2%, Семипалатинской – 2,9%, Семиреченской – 1,8%, Сырдарьинской – 1,3% [1]. В *социальном отношении* в Казахстане преобладали казахские шаруа, переселенческое крестьянство и казачество. Казахские шаруа являлись наиболее отсталым как в ведении сельского хозяйства, где преобладали отсталые формы скотоводства, так по уровню культуры и т.д., а национальная буржуазия, формирование которой так и не завершилось к октябрю 1917 г., была слабой и не самостоятельной социальной силой, во многом соглашательской, а ее представители находились на службе у колониальной администрации в качестве чиновников и т.д.

2. Колониальный Казахстан, как утверждал известный ученый П.Г. Гаузоу, страдал не столько от капитализма, сколько от его неразвитости в регионе,



Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. - Астана: Ел-шежіре, 2008. - 360 б.


Алаш — елшілдік ізденісіміздің жарқын беті. Алаш — елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым. ХХ ғасырдың басында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке (ұлт кеңесі) де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық. Азаматтық тарихымыз үшін аса маңызды ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде Алаш идеясы — қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын тандауы да жайдан-жай емес еді. Өйткені Алаш — жаңа түрдегі елшілдік күрестің, байырғы айбардың рәмізі-тін. Бұл зерттеуде тарихи Алаш қозғалысының рухани тұғыры зерделенеді.



Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан). Монография. - Алматы: Атамұра, 1997. - 160 б.

Кітапта қазақ интеллигенциясы қалыптасуының алғы-шарттарына нақты тарихи деректер негізінде тиянақты талдау жасалған. ХІХ ғасырдың екінші жартысы - ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ұлт зиялыларының алатын орны мен атқарған рөліне лайықты баға берілген.


Зерттеуде зиялы тұлғалар өмір сүріп, қызмет еткен дәуірдің шындығы негізге алынып, қазақ интеллигенциясының тарихы ұлттық ерекшеліктермен, оның өзіндік қадір-қасиетімен және рухани мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты қарастырылған.



Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы / Құраст.: С. Қалиев, К. Аюбай. - Алматы, 2009. - Т.6. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар). – 400 б.

Тәлімдік Антологияның бұл томында кеңестік дәуірдегі (1920- 2000 жж.) және егемен Қазақстанның соңғы 15 жылы ішіндегі педагогикалық ойлардың дамуы, Қазақстандағы педагогика ғылымының туып, қалыптасып, дамуына қазақ зиялы қайраткерлерінің қосқан үлестері көрініс табады.

Бұл том педагогика ғылымының даму тарихын және оған сүбелі үлес қосқан жеке қайраткерлердің еңбектерін зерттеуші ғалымдар мен ғылыми ізденушілер үшін де, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында педагогика, психология, мәдениеттану т.б. пәндерден сабақ беруші оқытушылар үшін де дереккөз болатыны сөзсіз.



**Əliхан Бökėiخانов
(1866-1937)**


Ол бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі Токтарсулы болысының жетінші ауылында өмірше келген. Əлиханнның үлкен атасы — Бökėi, ол — атақты кескілік Бөрік сұлтанның баласы, Абылайдың туысы.

Ə. Бökėiханов ауылда арабша оқып, кейін Қарқаралыдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіреді. 1890-1894 жылдар Петербурттағы орман шаруашылығы институтын бітіріп, Омбыдағы “Степной край” газетіне қызмет істейді.

1896 жылы Омбы генерал-губернаторының ұйғаруымен құрылған Ф.А. Шергина бастаған Ақмола, Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облыстарының жер жағдайын зерттеу экспедициясына қатысады.


Бökėiханов патша иенсүйектерінің қазақтың шаруалық жерлерін орыс қоныс аударушыларына тартып алып беру мәселесімен қатысқанды. 1905-1907 жылдары мемлекеттік Думаға депутат болып қатысқан: Ə. Бökėiханов, Б. Қаратаев, С. Латип, Ж. Сейдахан сияқты қазақ зиялылары халқымызды оқыту, мәдениет ашу, ақыл-салмақты азайту, Ресейдегі жоғары оқу орындарына қазақ жастарын үкімет қаржысымен оқуға жіберіп тұру мәселелерін көтеріп петиция жазды. “Қыр баласы” деген атпен “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетіне ел басқару, ұлт қамы, оқу-тәртіп, жер бөлісі, қауып-сыпаттық, т.б. бірнеше мақалаларын жариялайды.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Зақымша үкіметінің саяси өміріне белсене араласып, 9 айдың ішінде Түркістан өкіметі — “Алашорданы” құрады. Оның басшысы Ə. Бökėiханов, М. Шоқай болып сайланады. Ол 1920-1937 жылдары Одақтық егіншілік комиссариатында Орталық басқай тұрғы қызметтер атқарады. Қазақ иштықшыларының еңбектері орыс тіліне аударып, орталық басқымдар арқылы В.Г. Короленконың, Л.Н. Толстойдың, А.П. Чеховтың шығармаларын қазақ тіліне аудару ісімен шұғылданды. 1937 жылғы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты өскери алқасының үкімі бойынша атау жазасына кесілген ол, 1989 жылғы қылымсы құрамы жоқ болғандықтан ақталады.




XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. - Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

Бұл кітапқа «Ақ жол» Демократиялық партиясының Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қолдауымен 2012 жылғы «Алаш» қозғалысының 95 жылдығына орай өткізген ұлттық ғылыми-практикалық конференциясында және басқа шараларда жасалған баяндамалар мен сөздер, әртүрлі басылымдарда жарияланған сұхбаттар мен мақалалар енген.



Сәрсекеев Қ. Қазақ шаруасы. - Алматы: "GAUHAR" баспасы, 2013. - 510 б.

Қазақ шаруасы! Бұл істі Ұлы Абай, Ыбырай, Шоқан бастаған. Қазақ шаруасына қазақ болып жан ашу әр қазақтың міндеті, әрі қасиетті борышы. Сондықтан ба, қазақ шаруасына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин, Бейімбет Майлин сияқты кешегі Алаш Арыстары, тағы басқа көптеген қазақ зиялылары ат салысты, "ҚАЗАҚ", "АЙҚАП" басылымдарының беттерінде мақала жазып, ірі-ірі мәселелер көтерді. Көне архив беттерін ақтарған кісі бұған анық көз жеткізер еді, күні бүгін де бұл іс жалғасын табуда.




Алаш көсемсөзі: 10 томдық. - Алматы: «Өнер», 2011.


9-кітап: Сарыарқа. - 320 б.

10-кітап: Сарыарқа. - 360 б.

«Алаш көсемсөзі» сериясымен жарық көретін он томдықтың тоғызыншы кітабы 1917-1919 жылдары Семей қаласында жарық көрген «Сарыарқа» газетінің жарияланымдарына арналды. Бұл - «Алашорданың» үні болған, қазақ автономиясы үшін күрескен басылым.

«Сарыарқа» газеті таза саяси мәселелерді қозғауымен ерекшеленді. Онда Алашорда үкіметі мен оның қайраткерлерінің азаттық жолындағы әрбір қадамдары егжей-тегжейлі баяндалып отырды. Газетте Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, т.б. таланттар шоғырының көсемсөзі жарияланды.





Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. - Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. - 288 б.

Бұл кітапта Алаш ғалымдары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, С.Сәдуақасұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Иса Байзақов, М.О.Әуезов, Қ.Мұхамедханұлының әдебиеттанулық зерттеу еңбектері ХХІ ғасырдағы әлемдік әдебиеттану контексінде жаңаша қарастырылған.

Аталған ғалымдардың әдеби зерттеулері Тәуелсіз кездегі қазақ ғылымына қажет екені айқын, сондықтан бұл кітап алаштанушылар мен көпшілік оқырманға да арналған.

Тәуелсіздік және Алаш ғылымы

метіннің асыл сөз түрінде сүйектен өтетіндей нақтылан айта алатын шеңберде сөздерге ата-бабалымыз ұрпағына айтқан ақмалын үні бар, қазақ халқының бастан кешкен қасіретті тарихы бар, келешекке деген үміті мен иманы тұр. Олай болса, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің келерінгі, ғибратты рухани құралын пайдалана білейік, қолдануға жол ашайық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Екпінсіз, 2013. – 384 б.
2. Ел аузынан. – Алматы: Жазушы, 1958.

ӘЛІХАН БӨКЕЙХАН: АЛАШ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК


*«Қырағы, ния жетпес сүйірің-ай!
Қажымас, қанық жолға тұлпарың-ай!
Үйіңен өзексені өрге сүйреп,
Шығармақ құр басана, іңір-ай!»*

А.Байтұрсынұлы

Әліхан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) – қоғам қайраткері, қазақ халқының тұңғыш саяси «Алаш» партиясын ұйымдастырушы, ұлттық Алашорда үкіметінің төрағасы, ғұлама ғылым, ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, саясаткер, көсемсөз шебері. ХХ ғасыр басындағы қазақтың зиялы ортасын жарып шыққан мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыстың сересі, әдебиетші Ә.Н.Бөкейхан – Алаштың саяси элитасының қалыптасуына тікелей әсер еткен тарихи тұлға. Саяси репрессияға ұшыраған ғалымның шығармашылық мұрасына 1988 жылға дейін тыйым салынды, сондықтан Әліхантану тәуелсіздік кезеңінде ғана басталды. Алғашқы зиялытанушылар: Х.Оралтай, К.Нүрпейісов, М.Базарбаев, М.Қойгелдиев, Р.Нұрғалиев, С.Ақсұлы.

Ә.Бөкейхан мұрасы орас және қазақ тілінде жазылған зерттеулік мәні басым ғылыми еңбектердің мәскеулік баспаларда жариялануы – авторға деген құрмет қана емес, зерттеу еңбектерінің қажеттілігі мойындау. Ғалымның негізгі басты еңбектері қазақ халқының мемлекеттігіне, ішкі-сыртқы саясатына, тарихына, экономикасына, мәдениетіне, әдебиетіне, тұрмыс-салтына, ру-тайпалар шежіресіне, қазақ жерінің отарлануына арналған. Бұл – ұшан-теңіз энциклопедиялық мағлұматы мол ғылыми мұра.

Геродоттан тартып, қытай, ұйғыр, ресей деректерін менгерген еңбектері Ә.Бөкейханның ұлттық тарихшылардың тұңғыш зерт-



Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. - Алматы: «Мектеп», 2009. - 560

б.

Белгілі әдебиеттанушы Айгүл Ісімақованың кезекті еңбегі - қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының ең бір сүбелі кезеңі ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлттық көркемсөз өнерін зерделеуге арналған.

Қазақтың көркемсөзді қастерлеген ата-баба сөзі қашаннан басталады? Алаш әдебиеттануы деген ұғым қашан қалыптасты? Алаш ғалымдары ғылымға (әдебиет, тарих, педагогика, білім беру ісі, психология, саясаттану) қандай үлес қосты? Тәуелсіздік кезеңінің бүгінгі ғылымына Алаш ғылыми мұрасы несімен қажетті болып табылуда? Кітап осы сауалдарға жауап береді.

Кітапта қазақ көркемсөзінің көрнекті өкілдерінің ғылыми шығармашылық тұлғасы бүгінгі ХХІ ғасырдың әдебиеттанулық талаптары тұрғысынан қарастырылған. Сонымен қатар автор Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мағжан Жұмабай, Қошқе Кемеңгерұлылардан басталатын Алаш әдебиеттануының шынайы келбетін әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқаннан таратып ұлт әдебиетінің тарихи негізін ажырамас бірлікте жүйелейді. Кітаптағы әрбір әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемсөз күдіреті, олардың зерттеуге қосқан үлесі, ғылыми, әдеби-теориялық ой-тұжырымдары жан-жақты тұңғыш рет айқындалған. Автор асыл сөздің басты міндетін айғақтап, оны іс жүзінде қазақ тілінде көрсетіп берген де осы Алаш әдебиеттанушылары екенін нақты, ғылыми дәйектер мен тұжырымдар арқылы хрестоматиялық тұрғыда дәлелдеп береді.

Асылында «Алаш әдебиеттануы» - ұлттық әдебиеттің, яғни қазақтың жаны мен мұңының, мақсаты мен мұратының бүгінгі мен келешегіне деген үлкен жауапкершілігінің белгісі.

